

**ЖШС«LauRus2019»  
«LauRus» бөбекжайы**

**Баланы тәрбиелеудің бес тәсілі**

**Әдіскер: Айшуакова Р.**

**2024-2025 оқу жылы**

Бала тәрбиесі- қиын да күрделі процесс. Біз баламыздың тәрбиелі де өнегелі болып өсіп, өз қатарының алды болғанын қалаймыз. Бірақ баламызды осы мақсаттарға сай тәрбиелеу үшін үлкен еңбек, күш жігердің қажет екенін бәріміз білсекте, мойнымыз жар беріп, бала тәрбиесімен айналыса бермейміз. Кейін баламыз есейген сәтте, «сен маған тартпағаның, мынаны олай істемедің, ештеңеге қырсызсың» деп кінәләп жатамыз. Баланың әр қылығы қызық. Бірақ сол қызықтауды да талғап, талдап қарамаса тағы болмайды. Кішкентай кезінде баламыздың әрбір сөзін, одан қалса біреуді сыбағандығын әуес көреміз, оны тіпті ересектерге айтақтап, қыздыра түсетініміз тағы бар. Баламызды үлкендерді сыйла, құрметте деп тәрбиелеудің орнына өзіміз теріс жолға салып отырғанымызды бағамдай бермейміз-ау! Кейін өскенде сол баланың өз ата-анасына тілі тимесіне кім кепіл?! Бала кез келген істе өзін ынталандырып, өзгелердің қолдайтынын сезсе, сол іске бейімделіп, әдеттеніп кетеді.

Бала тәрбиесіндегі тағы бір кемшілік-бала жетістігін көре білу, жігерлендіру, ынталандырумен байланысты. Баламызды мадақтауымыздан гөрі, жекіруіміз асып түсіп жататынын мойындауымыз керек.

Біз баламызға үнемі талап қойғышпыз. Әуелі талапты қоймастан бұрын, балаға өзіміз үлгі көрсете білуіміз керек емес пе? Қонақ келсе, баламызды бөлек бөлмеге жіберіп кейде тіпті дұрыс тамақтандыру да ұмытып жатамыз. Баламыздың туған күн тойын атап өтеміз, онда да баламыз үшін емес, көбінесе, өзіміздің ағайын-туыс, дос-жарандарымызға арналатыны да шындық. Біраз қызғаннан кейін баламыздың туған күні екені есмімізден шығып, жеңіл- желпі әзілқалжың айтып, той басқа арнаға бұрылады. Баламыздың туған күні екені тост көтерілгенде ғана еске түседі.

Үй-ішінің ұсақ-түйек кикілжіңдерін балға көрсетпеудің орнына керісінше болып жататыны да өкінішті. Бала көзінше қырсыз мінез көрсету, өзге адамдарды жамандау бала бойында теріс көзқарастарды қалыптастыруға негіз болады.

Жалпы біз балажан халық болғанымызбен, оны тұлға деп танып, ақыл иесі ретінде қабылдай бермейміз. Көпке топырақ шашудан аулақпыз, дегенмен мұндай көріністердің арамызда көптеп кездесетіні анық. Біздің ойымызша, баламыз, біздің айтқанымызы істеп, айдағанымызбен жүретін, әлі ақыл-есі тола қоймаған тіршілік иесі дейміз де, оған өте қатаң талап қоямыз. Сол талаптың үдесінен шыға білмесе, баламызды жер қылып, жасытамыз. Үлкендер баласына үнемі жекіп, дауыс көтеріп сөйлейтін болса, бала жасық болып өседі. Осындай отбасында тәрбиеленген балалар екі түрлі болып өседі. Біреулері-бозөкпе, жасық болса, екіншілері - айқайлап сөйлемесең, сөз өтпейтін «сабаздың» өзі болып шығады. Алдыңғылары үнемі жалтандап, өзідігінен шешім қабылдай алмаса, кейінгілері өмір бойы жүйкемізді жұқартып, бетіңнен алып отыратын болады.

Бала тәрбиесі кезек күттірмейтін, күн тәртібінен ешқашан да түспейтін өзекті мәселе болып қала бермек. Сондықтан да, мынау өзгермелі қоғамда баламызды өзімізге жат етпей, жақсы тәрбиелеудің бірнеше жолдарын ұсынамыз.

Бала тәрбиесімен айналысуда ата-ана басшылыққа алуы қажет деп санаған ұстанымдарды назарларыңызға беріп отырмын:

1. Баланың ең алдымен денсаулығын қадағалауға көңіл бөлу. Денсаулық- тәннің ған емес, жанның да кепілі. Дені сау бала ғана оқу мен тәрбиеге ықыласты болмақ. Балаңызды кішкентай кезінен денсаулығын күте білуге, денесін шынықтыруға дағдыландырыңыз. Денесін шынықтырып қана қоймай, ұқыптылық пен тазалыққа да үйретіңіз. Үйрету дегеніміз тек қана ақыл айту ғана емес, өзіңіздің үлгі болуыңызда.

2. Баламен жақын сырлас, дос болуға тырысу. Бала үшін ең жақын адам ата-ана болғанымен де, бала ата-анасынан жасқаншақтап, ұялшақтайтын кездері жиі болады. Сондай сәттерде дұрыс қадам жасап, балаңызды бауырыңызды тарта білу өте маңызды. Балаңыз өзінше жасырып жүрген сырын айтып, сізбен бөлісуі мүмкін. Ондай кездерде балаға жекімей не болмаса мазақ етіп күлмей, мұқият тыңдап, өз көзқарасыңызды білдіріп, кеңес айта білу ата-ананы баланың сеніміне кіргізеді. Сіздің балаңызға тұлға ретінде қарап, онымен ақылдаса отырып, бірлесе жұмыс істеуіңіз балаңызды жігерлендіреді, оның әр қадамын сенімді ете түседі.

3. Бала қандай да болсын қате іс жасаса, жекіп, дүрсе қоя беруден гөрі түсіністікпен қарау әлде қайда пайдалы. Ондай кездерде бала өзі де қуыстанып, ата-анасынан қорқып тұрады. Керісінше, балаңызға ақыл айтып, жол көрсетсеңіз, мұның пайдасы көбірек болмақ. Сондай ақ кейде біз баламыздың беделін өзге құрбы-құрдастарының алдында түсіріп, ренжітіп жатамыз. Бұл баланың ар-намысына тиіп қана қоймайды, оны өзге достарының алдында қор етіп көретеді, беті қайтқан бала көпке шейін төменшектеп жүретін болады. Ең

бастысы - қателікті бетке басып, мойындату да емес, жақсысын алдымен айтып, баланы жігерлендіре отырып, кемшіліктерін жұқалап жеткізу, сонымен кемшілікті жою жолдарын көрсету.

4. Бала болған соң, өз қатарластарымен бірде дос болып, бірде ренжісіп жатады. Тіпті кейде таяқ жеп келуіде мүмкін. Ондай сәттерде балалардың арасына түспеген абзал. Бала қылығын жақтап, арасына түссеңіз, бала соған әдеттенеді, қит еткеннің бәрін өзіңізге жеткізіп отыратын болады. Мұндай жағдайда балаңызды сырттай бақылаған дұрыс. Балаңыз үнемі орынсыз таяқ жеп жататындай болса, әрине араласуға тура келеді.

5. Балаңыздың немен айналысатынын, қандай іске икемді екенін бақылау. Шамаңыз келсе, бала бейімі бар істерді беруге тырысу. Мұндай істер баланы дамытып қана қоймай, басқа зиянды әдеттерден сақтайды. Бос, жұмысы жоқ бала зиянды ісерге бір табан жақын болады. Жасап әкелеп өзіңізге көрсеткен жұмыстарын өзіңізге көрсеткен жұмыстарын іске алғысыз қылып лақтырып тастау баланың көңілін қайтарады, қызығушылығын сөндіреді. Сондықтан баланы үнемі ынталандырып отыру керек. Баланы әртүрлі істерге бір уақытта тартып. зорықтырудың қажеті шамалы. Біз кейде баламыздың әнші де, биші де, күйші де болғаныны қалап, түрлі үйірмелерге қатыстырамыз. Бала өз ырқымен істемеген істен тез көңілі суып, айналасына бей жай қарайтын болдаы. Баланы өз жасынан ерте шаршатып алудан сақтанған абзал.

6. Баланы еркін тәрбиелеу. Бірақ еркіндіктің жөні осы екен деп мүлдем қараусыз жіберуге болмайды. Әр нәрсенің өзінің шегі болады. Сол шекті бала біліп өсуі керек. Балаға қарым-қатынасыңыз, көзқарасыңыз жылы болғаны абзал. Балаға қатты сөйлеу оны сізден алыстатады. Сосын үнемі қатты, бұйрық мәнде сөйлеу баланың бойын әдеттендіріп, үйретеді. Кейін балаға қатты сөйлемесіңіз кейін сөз ұқпайтын болады.

7. Бала кішкентай кезінде барлық ақпаратты еш кедергісіз қабылдай береді. Сондықтан балаңызды ақпаратты талдап қабылдауға, өзінің көзқарасын ашық білдіруге, ойланып сөйлеуге үйреткен абзал. Ол үшін балаға осы типтес тапсырмалар берген дұрыс. Мәселен, баланың алдына көп затты беріңіз. Балаңыз осы заттардың барлығын алғысы келгенімен, бір-екі затты өзіне қажеттілігіне қарай таңдау керектігін түсіндіріңіз.

8. Кейбір балалар табиғатынан тынымсыз болады. Бір затты көрсе, соны міндетті түрде бұрап, сындырып, ішін ашып көріп жатады. Өздері бір орында отыра алмайды, сұрақ қойғыш болып келеді. Табиғатынан тынымсыз балаларға біз үнемі ұрысып, тәртіпке келтіруге шеберміз. Бірақ сол балалар айтқанға көнбейді, бір қалыпқа түспейді. Бір қарасыаң, сол балалар ақылды сияқты көрінеді. Балаңыздың бойынан осындай сипаттарды көрсеңіз қорқыныш ұяламасын. Мұндай балалар табиғатынана дарынды болып келеді. Тек баланың бейімін тап басып, бағыттай білсеңіз болғаны.

9. Бала тәрбиесіндегі ең негізгі тетік-баланы өз күшіне сендіріп үйрету. Балаңыздың болашағына қандай сенсеңіз, оның әр ісіне де сондай сенім көрсету-баланы сенімді ете түседі. Балаға ең алдымен өзіңіз сенбесеңеңіз оған ешкім де сенбейтін болады. Баланы өз күшіне сендіру оның әр қадамын нығайтып, батылырақ болуға тәрбиелейді.